

из их основных особенностей. Выделены значение и польза ролевых игр для их социализации и приобретения навыков речевого общения, а также дифференцированы способы обучения ролевым играм и развития их в процессе игровой деятельности. Рассмотрена модель коррекционно-развивающей работы, создающая условия для эффективного формирования коммуникативно-речевой компетенции детей с нарушением слуха дошкольного возраста, с использованием модульного подхода, посредством ролевой игры. С учетом общих, особых и индивидуальных особенностей и потребностей детей с нарушением слуха обосновывается необходимость организации коррекционно-развивающей работы. Выявлены особенности организации сюжетно-ролевой игры с целью развития коммуникативной и речевой речи детей с нарушением слуха во взрослой группе дошкольного возраста. Рассмотрены специальные приемы организации ролевых игр с использованием модульного подхода, дифференцированы навыки, полученные в результате использования модульного подхода, а также представлены результаты формирующего эксперимента, результаты показывают эффективность модульного подхода.

**Ключевые слова:** нарушения слуха, дошкольники, коммуникативное развитие, развитие речи, ролевая игра, модульный подход, речевое общение.

ӨОЖ 371.1  
МҒТАР 14.31.09

<https://vestnik.oqmpu.kz/kk>

### «ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

**ЕСНАЗАР А.Ж.** - PhD, аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, ORCID-<https://orcid.org/0000-0002-8658-0135> e-mail:[asel.esnazar@mail.ru](mailto:asel.esnazar@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада «пәнаралық байланыс» ұғымының мәні мен құрылымы нақтыланады. Педагогикалық процесте пәнаралық байланысты ұйымдастыру арқылы білім алушылардың дүниетанымын, диалектикалық ойлау дағдыларын, танымдық белсенділігін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің өзекті зерттеу мәселесі. Мақала авторы нормативтік құжаттарға сілтеме жасай отырып өзектілігін анықтайды. Сондай-ақ, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау барысында пәнаралық байланыс ұғымының зерттеу жайы, оқу-тәрбие процесіндегі маңыздылығы, білім алушының дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырудағы рөлі айқындалды. Ғалымдардың педагогикалық және әдістемелік ғылыми еңбектеріндегі зерттеу объектісі пәнаралық байланыста оқытудың әртүрлі аспектілері, қызметтік функциялары қарастырылды. Ғылыми әдебиеттерді зерттеуде ғылымилық, жүйелілік, пәнаралық ұстанымдарды негізге алып, талдау, жинақтау, жалтылау әдістері қолданылды. Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жүргізу арқылы пәнаралық байланыс ұғымына контент-талдау жасалды. Сондай-ақ, STEM білім беру жағдайында пәнаралық тапсырмаларды құрастыру жоларды қарастырылды. Педагогикалық процесте пәнаралық байланысты ұйымдастырудың қызметі, түрлері, бағыты, әдіс-тәсілдері айқындалып, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында педагогтың қызметіндегі негізгі бағыттары ұсынылды. Зерттеу нәтижесінде «пәнаралық байланыс» ұғымына авторлық анықтама берілді, «пәнаралық байланыс» ұғымының құрылымын анықтау барысында танымдық, әдістемелік, мазмұндық компоненттері нақтыланды.

**Тірек сөздер:** пәнаралық байланыс, пәнішілік байланыс, интеграция, метапән, байланыс, дүниетаным.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында: «...пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «өтпелі тақырыптардың» болуы маңызды» деп берілген [1]. Демек, жоспарда ұсынылған міндеттер бастауыш білім беру пәндерін пәнаралық байланыста оқытудың маңыздылығын көздейді.

Бұған сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бап 26-тармағында: «...интеграцияланған білім беру бағдарламалары – білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары», - деп атап көрсетілген [2]. Мұндағы ұсынылған бап оқу бағдарламасындағы және оқулықтардағы бөлімдерді ортақ тақырыптардың негізінде оқыту арқылы пәнаралық байланысты орнатуды қамтамасыз ететіндігіне көз жеткіземіз. Олай болса, педагогикалық процесте мазмұндық жағынан жақын пәндерді пәнаралық байланыста оқыту өзекті болып табылады. Ендеше, соңғы жылдары пәнаралық байланыстың маңыздылығы мен мәселелерді әр қырынан қарастыру бірте-бірте артып, білім берудегі әртүрлі пәндерді интеграциялау алдыңғы қатарға шықты. Демек пәнаралық қатынастың маңызы артып келеді. Пәнаралық көзқарастың негізі ежелгі дәуірге негізделгенімен, оның білім берудегі қолданылуы мен маңызы күн санап артып келеді.


Зерттеу жұмысымыздың мәні мен құрылымын нақтылау мақсатында бұл ұғымды зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізуді жөн көрдік. Яғни, бұл ұғымның генезисі философиядан бастау алып, қазіргі таңда жаңа форматта даярланған жұмыстардың негізінде жатыр. Яғни, пәнаралық байланыстың философиялық негізі дүниедегі заттар мен құбылыстардың ғылыми түсініктері мен тұжырымдары қалыптасқан білімдер бір-бірімен байланыста қамтамасыз етіледі. Ендеше, зерттеу ұғымының философиялық генезисі Платон, Сократ, Гераклит, Әл-Фараби, Аристотельдің еңбектерінде, ал психологиялық-педагогикалық астарлары Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, В.Н.Максимова, И.Д.Зверев және әдістемелік тұрғыда оқыту мәселесін зерттеген А.А.Бейсенбаева, А.М.Мұханбетжанова, Д.Ж.Кішібаева, Г.С.Квасных, А.А.Куралбаева, А.Ш.Доспенбетова, Ж.М.Саурыкова, А.Ж.Есназардың еңбектерінде көрініс тауып, зерттеу жұмысымыздың теориялық және практикалық негізін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында бұл ұғымды ғалымдар әр түрлі көзқараста және әр түрлі бағытта қарастырғанын байқаймыз. Дегенмен, пәнаралық байланыстардың көп қызметтік функцияны атқаратынын біле тұра педагогикалық процесте әдістемелік тұрғыда жеткілікті дәрежеде орын ала алмағандығын аңғаруға болады. Сондай-ақ, педагогикалық мамандықтар үшін пәнаралық білімнің әлсіз интеллектуалды базасы бар болғанымен, пәнаралық курстар мен модульдердің негізін құра алатын ғылыми зерттеулердің нәтижелері ғылыми тұрғыда негізделген білім беру мен оқыту мәселелерімен тікелей байланысты психология мен педагогиканың дамуына, педагогикалық шындықта бекітілген пәнаралық құбылыстар мен мәселелерді сипаттайтын пәнаралыққа бағытталған білім әзірленбеген.

**Зерттеу әдістері.** Пәнаралық байланы ұғымы бойынша теориялық материалдарды зерттеу ресей және отандық ғалымдардың, сондай-ақ шетел ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерттеу және талдау арқылы жүзеге асырылды. Ғалымдардың педагогикалық және әдістемелік ғылыми еңбектеріндегі зерттеу объектісі пәнаралық байланыста оқытудың әртүрлі аспектілері, қызметтік функциялары қарастырылды. Философ, психолог, педагог ғалымдардың және отандық әдіскер ғалымдардың зерттеулері білім алушылардың диалектикалық ойлау дағдысыны, танымдық белсенділігін, ой өрісін және т.б. қабілеттерін дамытуға арналған. Ғылыми әдебиеттерді зерттеуде ғылымилық, жүйелілік, пәнаралық ұстанымдарды негізге алып, ғылыми-зерттеу әдістері талдау, жинақтау, дедуктивті және индуктивті жалпылау қолданылды.

**Талдау мен нәтижелер.** Зерттеу барысында сөздіктерді қарастыра келе, ПБ - педагогикалық процесте оқытудың ұстанымдары бірі ретінде қарастырылып, мазмұндық жағынан жақын келетін пәндердің негізгі элементтері мен ғылыми түсініктерін байланыстыра оқытуға мүмкіндік беру деп қарастырылады. Анықтамада пәнаралық байланыс білім мазмұнын қамтамасыз етіп қана қоймай, білім алушының танымдық белсенділігі мен ойлау дағдысын қалыптастыруға және дүниетанымдық білімін дамытуға септігін тигізеді.

Ғылыми еңбектерді саралау барысында пәндер арасында байланысты орнатуда оның мәні мен құрылымын нақтылауда, оқыту процесіндегі рөлі мен қызметін анықтауда, ғылыми көрсеткіштерін негіздеуде, оқыту нәтижелерін бағалауда әртүрлі тәсілдер бар. Ғылыми еңбектерде пәнаралық байланыс үш бағытта қарастырылады (сурет 1).



Сурет 1 – Пәнаралық байланыстың үш бағытта қарастырылуы

Суретте көріп отырғанымыздай, пәнаралық байланыс үш элементтен тұратын жүйеден құралады. Яғни, білім беру процесін жақсартуға бағытталған пәнаралық, пәнішілік, жалпыланған білім сатысы ретінде қарастырылады. Олай болса, пәнаралық байланыста оқыту ұғымының мәнін талдауға көшейік.

Мектептегі пәнаралық байланыстар білімді тұтас қабылдауға негіз болатын ғылыми түсініктер мен категорияларды интеграциялау негізінде көрініс табады. Олар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруда теориялық және ғылыми-практикалық білімдерді жалпылау сипатында

игерілуі деп түсінеміз. Жалпылау алынған білім мен дағдыларды нақты жағдайларда, жеке мәселелерді қарастыру кезінде, оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерді орындау барысында, сондай-ақ, ғылыми тұрғыда даму барысында және қоғамға қызмет етуде іске асады. Пәнаралық байланыс және олардың оқу процесінде сәтті жүзеге асырылуы жаңа материалды зерделеу кезінде қайталануды азайтады, уақытты үнемдеуге әкеледі, сонымен қатар білім алушылардың жалпы білім беруде практикада қолдану біліктері мен дағдыларын қалыптастырады.

Ендеше, ғалымдардың зерттеулерін саралай келе, пәндер арасындағы байланысты оқыту мәселесі оқыту процесінің жүйелі сатыры ретінде қарастырылады, себебі, ол оқыту процесін арттыратын категорияның бірі ретінде беріледі. Ендеше, біз оқу процесіндегі білім беру жүйесін арттыратын құрал ретінде басымдық береміз. Олай болса, зерттеу мәселеміздің мәнін нақтылау мақсатында ғалымдардың берген анықтамаларына, оқу және тәрбие процесіндегі маңыздылығына тоқталайық.

Я.А.Коменскийдің пайымдауынша, байланысы жақын келетін ұғымдар мен білімдер өзара байланыста оқылуы керек деп басымдық береді, яғни байланыста оқыту мәселесін қозғайды. Ал, К.Д. Ушинский адамның дүниетанымдық ойлауын дамытуда ұғымдар мен идеяларды байланыстыра отырып пәнаралық байланыстың маңыздылығын көрсетті.

Пәннің мазмұны жағынан өзара сәйкес келетін пәндердің ғылыми түсініктерін байланыстыра оқыту мәселесін Н.К.Крупская қарастырды. Ол оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда, ғылымның түрлі ұғымдары мен түсініктерін оқытуда ақыл-ойын кеңейтетін, қоғам мен табиғат арасындағы ғылыми көзқарасты байланыстыруға ықпал ететін пәнаралық байланыста оқыту мәселесін негізге алды. Ал, А.Дистерверг жақын келетін пәндерді ғана байланыстыра оқыту мәселесін ғана қозғайды, ол кез-келген пәнді байланыстыра оқытуға болмайтынын атап өтті.

И.Д.Зверев және В.Н.Максимова зерттеулерінде пәнаралық байланыста оқытуда жүйелілік тұғырды негізге ала отырып, пәнаралық байланысты ақпараттық-мазмұндық, оперативті-әрекеттік, ұйымдастыру-танымдық деп жіктеді. Сондай-ақ, М.М.Левина пәнаралық байланыстың негізі психологиялық, педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан дамып тұлғаның қалыптасуына әсер ететін оқыту теориясы тұрғысынан қарастырады [3].

А.В.Усова пәнаралық байланысты жүзеге асыру бойынша педагогтың қызметіндегі негізгі бағыттарын ұсынды: оқу пәндерін оқу уақыты бойынша келісу; жалпы ұғымдарды, заңдар мен теорияларды қалыптастырудағы сабақтастықты қамтамасыз ету; ғылымның жалпы жүйесін ескере отырып, оқу пәнін құру; танымдық іс-әрекет процесінде ғылыми көзқарасты қолдану; табиғат құбылыстарының өзара байланысын ашатын білімнің пәнаралық құрылымын құру; тек ғылыми білімнің бірыңғай жүйесінде шешуге болатын күрделі мәселелерді анықтау; оқушылардан әртүрлі пәндерден білімді кешенді қолдануды талап ететін тапсырмалар жүйесін әзірлеу.

Жалпы оқу процесінде пәнаралық байланысты ұйымдастыруда формаларын үш бағыт (құрамы, бағыты, тәсілі) бойынша, құрамы: мазмұндық, операциялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық бағытта қарастырса; бағыты бойынша: бір жақты, екі жақты, көп жақты; тәсілі бойынша: хронологиялық, хронометриялық болып бөлінеді.

Н.М. Верзалин, П.Г. Кулагин, Ю. Вайткевичустің ұсынған байланыстың синхронды, асинхронды байланыс түрлерін ұсынады.

Көптеген зерттеушілер пәнаралық байланыстарды уақыт критерийі бойынша жіктейді. Ал, М.И.Скаткиннің ұсынысы бойынша байланыстарды білім алушының өнімді еңбегін негізге ала отырып үш түрін ұсынады (сурет 2).



Сурет 2 – М.И.Скаткиннің ұсынған байланыс түрлері

Демек, дидактикалық категория ретінде пәнаралық байланыс білім алушылардың танымдық белсенділігін, қабілетін, ойлау дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру жүйелеуге, демек, білімнің тереңдігі мен беріктігіне ықпал етіп, әлемнің тұтас бейнесін беруге көмектеседі. Бұл ретте оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігі артады, әртүрлі пәндер бойынша

сабақтарда алған білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын өтпелі қолдану мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Оқу пәндері белгілі бір мағынада бір-біріне көмектесе бастайды.

Пәнаралық байланыс оқу-тәрбие процесінде оқу жоспарының барлық циклдарының пәндерін оқытудың мазмұны, әдістері мен формалары арасындағы әр түрлі байланыстарды үнемі жүзеге асыруды білдіреді. Сәйкесінше пәнаралық байланыстар келесі функцияларды орындай алады:

- Білім ғылым негіздерін білу жүйесін қалыптастыруда, әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруда *білім беру функциясы* көрінеді;

- танымдық дағдыларды, белсенділікті және оқуға деген қызығушылықты дамытуда, сондай-ақ оқушылардың жүйелі ойлауын дамытуда көрінетін *даму функциясы*;

- оқушылардың ғылыми дүниетанымын, олардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда, тәрбиенің барлық түрлерінің бірлігін жүзеге асыруда көрініс табатын *тәрбиелік функция*.

Американдық ғалым, профессор Д.Т.Клейн 1990 жылы пәнаралық зерттеулер туралы алғашқы ауқымды жұмысын жазды. Оның кітабы «Пәнаралық: тарих, теория және практика» деп аталады. Белгілі бір тәсілді дәлелдеудің орнына, Клейн барлық білім салалары бойынша бар әдебиеттердің таңдауын ұсынды. Ол өзінің зерттеуінде пәнаралық байланысты әртүрлі жолдармен анықталды. Пәнаралық байланыс - әдістеме, тұжырымдама, процесс, ойлау тәсілі, философия және рефлексиялық идеология ретінде ретінде көрініс табады. Бұл фрагментацияның қауіптілігін анықтауға, ескі байланыстарды қалпына келтіруге, пайда болған қатынастарды зерттеуге және біздің практикалық және тұжырымдамалық қажеттіліктерімізге сәйкес келетін жаңа субъектілерді құруға тырысумен байланысты болды. Пәнаралық - бұл жеке әдістерді немесе тәсілдерді қолдана отырып қанағаттанарлықтай шешілмейтін мәселелер мен сұрақтарға жауап беру құралы [4].

Түрік ғалымы Ө.Турнайдың зерттеуінде пәнаралық байланысты бағдарламалық тәсіл деп қарастырады, себебі бұл екі ғылым саласындағы білім мен әдістердің бірігуі. Автордың пайымдауынша, пәнаралық байланыс екі саланың бірігіп оқытылуы. Ал, *Ж.Матос сандық технологияларды интеграциялау мәселесін зерттеген* [6].

Бұған сәйкес, пәнаралық байланысты кеңінен қарастырып, пәнаралық байланыстың оқу процесіндегі рөлін ерекше атап өткен Б.Айбектің зерттеуінде «пәнаралық байланыс - ақпарат жинауға, ойлаудың жоғары деңгейін яғни, талдау, жинақтау және бағалауға бағытталған тәсіл» деп қарастырады [7]. Ендігі кезекте, шетел ғалымдардың «пәнаралық байланыс» ұғымына берген анықтамаларына контент-талдауын ұсынамыз.

Кесте 1 - Шетел ғалымдардың «пәнаралық байланыс» ұғымына берген анықтамаларына контент-талдау

Автор	Анықтама
Jacobs, 1989	ПБ – белгілі бір тақырыпты, тұжырымдаманы немесе мәселені зерттеу үшін бірнеше пәннің әдіснамасы мен білімін қолданатын бағдарламалау менталитеті (Jacobs, 1989);
Lake, 1994	ПБ - пәнаралық көзқарастың сипаттамасында әр түрлі саладағы тақырыптар біріктіріліп, оқулықтардан өзгеше ресурстар пайдаланылады, жоспарлар қамқорлық жасайды, ал бағдарламалар икемді болып табылады (Lake, 1994);
Yıldırım, 1996	ПБ – пәндер, ұғымдар немесе мәселелер төңірегінде оқытуды ұйымдастыру және әр түрлі пәндерден алынған білімді оларды өңдеу кезінде тиімді интеграциялау ();
Stember, 1998	ПБ - пәнаралық байланысты пәндердің азды-көпті интеграциясын немесе тіпті кейбір өзгерістерін қажет ететін әрекеттер деп анықтады ();
Yalçın ve Yıldırım, 1998	ПБ - анықталған пәнді мағыналы түрде зерттеу және басқа пәндер тұрғысынан оқуға мүмкіндік жасау (Yalçın ve Yıldırım, 1998);
Chrysostomou, 2004	ПБ - Пәнаралық байланысқа негізделген бағдарламаларда бір тәртіптік тәсілге қарағанда көбірек ақпарат бар. Алайда барлық пәндерді біріктіру мүмкін емес. Интеграция пәндер арасындағы көзқараспен пәндер арасында мағыналы және сәйкес ақпарат болған жағдайда жасалады. Пәндер арасындағы байланыс күшті және түсінікті болуы керек (Chrysostomou, 2004);
Aydın & Balım, 2005	ПБ - пәнаралық байланыста белгілі бір тұжырымдаманы, мәселені негізге алып, оларды әр түрлі жағынан білуге болатын білімдер мен дағдыларды сабақтас пәндерден ала отырып біріктіруге болады

Оқу процесіне пәнаралық байланысқа негізделген піндерді еңгізу жолдарын қарастырған К.Голдингтің зерттеулері интеграцияланған зерттеулерге бағытталған. Ғалым өз зерттеуінде оқу процесін танымдық бағытта прогреске жеткізуде әдіс-тәсілдерді, пәндерді, ғылыми түсініктерді, әр ғылым саласынан берілген білімді интеграциялау мақсатында пәнаралық байланыстың рөлін түсіндіреді [8]. Олай болса, білім алушылар пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін нақты пәнаралық қадамдарды білуі қажет.

Сонымен қатар, бастауыш білім беру процесінде пәнаралық байланысты қалай орнату, дамыту, жолға қою мәселесін М.К.Костезнің зерттеуінен көруге болады [9]. Оның пікірінше, біз пәнаралық байланыс арқылы, яғни, табиғат аясындағы құбылыстарды түсіндіргенде, талдағанда, мәселені шешкенде физика, химия, биология, математика және т.б. ғылым саласына тиесілі білімдерді қолданамыз. Демек, пәндер арасындағы байланысты орнатамыз. Яғни, білім беру процесін жақсарту мақсатында пәнаралық байланысқа негізделген білім беру бағдарламасын әзірлеуді ұсынады. Бағдарлама әзірлеуде пәнаралық тапсырмаларды құрастыру және STEM білім беру жағдайында интеграция арқылы оқыту мәселесін де негізге алуды ұсынады. Сондай-ақ, STEM интеграциясы пәнаралық ұғымдар, пәнаралық білім мен дағдылар, пәнаралық тапсырмалар мен жобалар негізінде А.Лейнг қарастырды [10].

Ендігі кезекте, пәнаралық байланысты зерттеген отандық ғалымдардың еңбектеріне тоқталуды жөн көрдік.

Пәнаралық байланыста оқыту мәселесін алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалымдардың бірі А.А.Бейсенбаева болды. Оның пікірінше, «...пәнаралық байланысты, яғни жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу үдерісін танытады» [11]. Ғалым пәнаралық байланысты танымдық дүниетанымның жоғары деңгейіне жеткізетін құрал ретінде қарастырғанын байқаймыз.

Пәнаралық байланысты оқытудың ұстанымдары деп қарастырған ғалымдардың бірі Н.А.Оразыханова болды. Ғалым «пәнаралық байланыс – жеке пәндерді терең меңгеруде оқушылардың білім деңгейін барынша кеңейте беру мақсатында аралас, сабақтас пәндермен

байланыстыру, осының нәтижесінде оқушының белгілі бір пәннен алған білім шеңберінің кеңінен басқа пәндерден алған білімін пайдалана білу мүмкіншілігін, іскерлігін, дағдысын қалыптастырады» [12,б.] деп анықтамасын ұсынды. Автордың зерттеуінен білім мен ғылымды дамытута және оқыту процесін ұйымдастыруда пәндер арасындағы байланысты орнату білім алушының білім, білік және дағдысын қалыптастыруға әсерін тигізетінін байқауға болады. Ендеше, пәнаралық байланысқа негізделген сабақтас пәндерді оқу процесіне еңгізу тиімді болатыны сөзсіз.

Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын интеграция арқылы қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін зерттеген ғалым А.М.Мұханбетжанованың еңбегінде дүниенің ғылыми бейнесін тұжырымдар мен теориялар негізінде жасақтайды. Ал, Д.Ж. Кішібаева шығармашылыққа негізделген пәнаралық байланысты орнатудың жолдарын қарастырады. Сонымен қатар, пәнаралық іскерліктерді талдау арқылы пәнаралық байланысқа негізделген оқытудың әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Демек, ғалымның ұсынған пәнаралық байланысқа негізделген оқытудың әдіс-тәсілдерін бастауыш білім беру пәндерін оқытуда қолдануға болады. Ал, А.Д.Болтаев «пәнаралық байланыс табиғаттың танымдық материалдық, адамгершілік-эстетикалық салаларын ашу міндетімен ғана шектеліп қоймай, табиғатты сұлулық, адамгершілік заңдылығымен қайта құру, жақсарту әрекетімен жұмылдырудағы жасампаздық қасиетіне теориялық талдау жасалып, экологиялық тәрбие проблемасын шешудегі пәнаралық байланыстың өзіндік орны, ерекшелігі анықталады» - деп қорытындылады [12,б.]. Автор пәнаралық байланысты экологиялық тәрбиені қалыптастырудың және де тәрбие процесі ұйымдастырудың құралы ретінде қарастырады.

«Пәнаралық байланыс – ғылымдар арасындағы интегративті фактор бола отырып, оқыту процесінің функциялары негізінде жеке тұлғаның гумандық қарым-қатынасты қалыптастырушылық қызмет атқарады» деп Г.К.Шолпанкулова анықтамасын ұсынды. Автордың бұл анықтамасынан пәнаралық байланыс гумандық қарым-қатынасты қалыптастырудың негізі бола алатынын көруге болады.

Ә.М.Шерзадин пәнаралық байланыстың ерекшеліктерін көрсетеді:

- *біріншіден*, педагогикалық үдерісте ерекше маңызды рөлі бар;
- *екіншіден*, классикалық педагогиканың бір бөлігі және қазіргі таңда жаңа мәнге ие;
- *үшіншіден*, реттеуші және әдіснамалық функциялардың рөлін атқарады;
- *төртіншіден*, пәнаралық байланыс құрамы, амалы және бағыты болып үш компоненттен тұрады;
- *бесіншіден*, жаңа білім мен бар білім арасындағы байланыс [12,б.].

Пәндердің мазмұнына қарай ортақ пәнаралық лексикалық ұғымдарды, пәнаралық мәтіндерді байланыстыра оқыту мәселесін зерттеген К.Г.Квасныхтың еңбектері біздің зерттеу жұмысымыз үшін өте құнды. Себебі, автор пәнаралық байланысты орнату мақсатында танымдық, лексикалық ұғымдарды іріктеу арқылы оқу пәндерінің құрылымына әсер ететінін пәнаралық тапсырмаларды ұсыну арқылы дәлелдеді. Ол пәнаралық байланысты оқыту қағидаттарының бірі ретінде қарастырды. Яғни, «пәнаралық - бұл бірқатар пәндер бойынша оқу материалын таңдау мен құрылымына әсер ететін, білім алушылардың жүйелі білімдерін нығайтуға, оқыту әдістерін белсендіруге, оқытуды ұйымдастырудың күрделі формаларын пайдалануға бағдарлауға, оқу үдерісінің бірлігін қамтамасыз етуге әсер ететін қазіргі заманғы оқыту принципі» [13].

Бастауыш білім беру пәндерін пәнаралық интеграция арқылы оқыту мәселесін қарастырып, оқушының пәнаралық интеграция арқылы алған білімін Блум таксономиясы негізінде деңгейлерін анықтаған А.А.Куралбаеваның еңбегі де біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық негізін айқындауға және авторлық тұрғыда анықтама ұсынуға негіз болады. Ол білім сапасын арттыруда логикалық ойлаудың маңыздылығын ескере отырып, пәнаралық интеграцияны жүзеге асырудың жолдарын көрсетеді [12,б.].

Бастауыш сынып оқушыларының экономикалық мәдениетін пәнаралық байланыс арқылы қалыптастыру мәселесін профессор А.Ш.Доспенбетова қарастырды. Автордың пікірінше, «пәнаралық байланыс дегеніміз – оқу тәрбиелік жүйенің мазмұнында, формалары мен әдістерінде қамтылған және шектелген бірлікте білімдік, дамытушылық және тәрбиеленушілік қызметтерін атқаратын нақты өмірдегі нысандары, құбылыстары және жүйелері арасындағы синтездік, кірігу қатынастарын белгілеуге арналған педагогикалық дәреже» [12,б.] деп анықтамасын ұсынды. Бұдан шығатын тұжырым жақын келетін ұғымдарды, категорияларын, түсініктерді пәнаралық байланыста оқыту қажет.

Сондай-ақ, ЖОО-да пәнаралық сабақтастық мәселесін зерттеген ғалым С.А.Фейзулдаеваның зерттеуі де өте құнды еңбектердің бірі. Автор пәнаралық сабақтасты жүзеге асыру арқылы бастауыш

сынып мұғалімін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырларын айқындап, «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау – жаңартылған білім беру жағдайында студенттерге кәсіби білім жүйесін, жеке, жалпы және кәсіби құзыреттілікті, тұлғаның өзін-өзі реттейтін интегративтік сапаларын меңгерту» деп нақтылайды. Ж.М.Саурыкованың пайымдауынша, білім алушының оқуға деген ынасын, белсенділігін қалыптастыруда ортақ тақырыптар арқылы пәнаралық байланысты орнату маңызды. Себебі, жаңартылған білім беру жағдайында пәнаралық байланысты жүзеге асыруға ортақ тақырыптар қарастырылған. Демек, бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларында сегіз ортақ тақырыптың қарастырылуы білім алушының пәнаралық іскерлігін дамытуға септігін тигізетіні сөзсіз [13].

Қазіргі таңда бастауыш білім беру пәндерін пәнаралық байланыста оқыту ортақ тақырыптардың негізінде үздіксіз және жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл қазіргі білім беру жүйесіндегі ғылыми түсініктерді өзара байланыста оқытудың құралы ретінде қарастырылады. Жалпы пәнаралық байланыста оқыту білім алушыға берілетін білім бүгінгі бастауыш сынып оқушы тұлғасының дамуына септігін тигізетіні сөзсіз. Атап айтсақ: ақыл-ой қабілеттерін дамыту, танымдық процестірін қалыптастыру, тілдік қарым-қатынас жасау және т.б. Оқу процесіндегі пәнаралық байланыс пәндерден алынатын білімді бір-бірімен толықтыру мақсатында тереңдетіп оқытуға бағытталған жоспар құруға негізделеді. Яғни, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыра отырып дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырып білімді тұтас қабылдауға қызмет етеді.

Қазіргі мектептегі оқу мазмұнында пәнаралық байланыста оқытудың қызметтері:

- жаратылыстану теорияларының даму тарихын және ғылыми білімнің эволюция процесін түсінуді ескере отырып әлемнің біртұтас ғылыми бейнесінің құрылымында пән бойынша ғылыми білімді ұсыну;

- жалпы ғылыми теорияларды, заңдар мен ұғымдарды бөліп көрсету, олардың жаратылыстану пәндері жүйесіндегі әмбебаптығын көрсету;

- сабақтас пәндер үшін ортақ теориялық білімді, танымдық дағдыларды қалыптастыру;

- пәнаралық байланысты іске асыру арқылы жалпы ғылымның даму тенденцияларын саралау.

Қазақстанда бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқыту мәселесін алғашқылардың бірі болып Ж.А.Жұмабаева қарастырды. Оның айтуынша, пәнаралық әрекеттесу арқылы ойлаудың мәдениетін метапәндік тұрғыда оқыту арқылы қалыптастыруға болатынын сөз етеді, яғни «метапәндік оқыту дегеніміз – оқушының пәндер аясында әмбебап оқу әрекеттері арқылы қалыптасқан метапәндік нәтижелерді өз тәжірибесінде бекіту үдерісі» [14] деп анықтамасын ұсынды. Демек, білім алушының ойлау жүйірін, сыни ойлау дағдысын, шығармашылыққа бағытталған ойлауын дамыту пәнаралық байланысқа негізделген метапәндік тапсырмалар негіз болатыны сөзсіз.

Отандық оқулықтарды талдау барысында оқу процесіндегі пәнаралық және пәнішілік байланысқа негізделген тапсырмаларды, жаттығуларды, танымдық мәтіндерді, қызықты есептерді және т.б. тапсырмаларды орындау барысында ортақ жолды табу мәселесін қарастырады. Тапсырманы орындау барысындағы іс-әрекеттің амалдарын қалыптастыру келесідей бағытта іске асырылады: *бірінші*, білім алушылардың іс-әрекетін мазмұндық жағынан жақын келетін тәсіл арқылы пәнішілік байланысты ұйымдастыру; *екінші*, білім алушылардың іс-әрекетін мазмұндық жағынан жақын келетін тәсіл арқылы пәнаралық байланысты ұйымдастыру [15].

Демек, екі мағынадағы түсінікті қай бағытта қарастырсақ та, білім беру процесінде пәндер арасындағы байланысты іске асыру мұғалімнің ізденісін, шығармашылығын, уақытын қажет ететін маңызды процесс болып табылады.

Жалпы, пәнаралық байланысқа негізделген сабақ білім алушыны әр түрлі ғылыми бағытта, өзіндік тұрғыда дамуына, өзін-өзі басқаруға, әртүрлі бағытта қабілеттілігін көрсетуіне жағдай жасайды. Олай болса, пәнаралық тапсырмаларды құрастыру, пәнаралық сабақтарды ұйымдастыру, ортақ ұғымдардың негізінде ғылыми түсініктерді түсіндіру білім беру процесінің сондай-ақ, педагогика ғылымын дамытудың бір бағыты деп қарастырамыз. Бұл бағыттағы пәнаралық байланыс пәндік білімнің әдістемелік негізін ашуға, сол сияқты білім беру жүйесін дамытудың перспективалық бағытын дамытуға үлесін қосатыны сөзсіз [16].

Тұжырымдай келе, пәнаралық байланыс туралы ұғымды қай мағынада қарастырсын ол ізденісті, уақытты қажет ететін және оқу процесінде өте үлкен маңызға ие екендігіне, сонымен қатар білім алушылардың когнитивті процестерін дамытуда, ғылыми түсініктерін қалыптастыруда, және мұғалімдірдің педагогикалық процесін ұйымдастырдың қызметтік іс-әрекет ретінде жүзеге асатынына көзіміз жетті.

Ендеше, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеуі бойынша, пәнаралық байланыс ұғымы - «мазмұны жақын пәндер» + «дидактикалық категория» + «пәндерді кіріктіру» + «тақырыптарды

«ОҚМПУ ХАБАРШЫСЫ - ВЕСТНИК ЮКГПУ», № 3 (33), 2022 ж. біріктіру» + «танымдық белсенділік» + «пәнаралық зерттеу» + «сабақтас пәндерді біріктіру» + «ғылыми түсінік+заңдар+ұғымдар» + «ортақ тақырыптар» + «жүйе құру» + «ортақ теориялық білім» және т.с.с түйінді ойлар біздің авторлық анықтамамызды беруде негіз болады.

Тұжырымдай келе, «пәнаралық байланыс - мазмұндық жағынан жақын келетін пәндердің ортақ ұғымдары мен категорияларын байланыстыра отырып оқыту арқылы диалектикалық ойлауға бағытталған кешен» деп анықтамамызды ұсынамыз. «Пәнаралық байланыс» ұғымының құрылымы төмендегідей құрылды (сурет 3):



Сурет 3 - «Пәнаралық байланыс» ұғымының құрылымы

Енді бұл құрылымда берілген әр компонентті талдауға көшейік. Бірінші, танымдық компонент - жалпы пәннің мазмұнын айқындауда өзге пәндердің біліміне сүйену; екінші, мазмұндық компонент - мазмұны жағынан жақын келетін пәндердің ғылыми түсініктері мен идеяларын байланыстыра оқыту; үшінші, әдістемелік компонент - пәннің мазмұндық байланысын орнатуда әдістерді қолдану. Ендеше, пәнаралық байланыстар оқытуда әдіс-тәсілдердің барлық түрлерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, шығармашылық тапсырмалар, шағын топтармен жұмыс, қауымдастық ресурстарын пайдалану, проблемаларды шешу, экскурсия, интерактивті лекция, проекциялық әдістер, виртуалды саяхат сияқты тәсілдер болуы мүмкін.

**Қорытынды.** Пәнаралық байланыстар білімнің ғылыми деңгейін арттырады, қоршаған дүние процестері мен құбылыстарының табиғи өзара байланысын көрсете отырып, оның материалдық бірлігін аша отырып, олар білім алушылардың ғылыми түсініктерді табиғатпен, қоғаммен байланыстыра оқытуға бағытталған деген көзқарастарының жүйесін құрайды. Осы орайда білім алушылардың диалектикалық және жүйелі ойлауы, танымдық қабілеті, пәнаралық бағытта берілген ғылыми түсініктері мен әмбебап оқу әрекеттері қалыптасады. Сондай-ақ, пәнаралық байланыста оқыту қазіргі кезде бастауыш мектеп алдына қойылған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ білім алушыларда дүниенің тұтас бейнесін қалыптастыруға, табиғаттағы, қоғамдағы және жалпы дүниедегі құбылыстардың байланыстарын түсінуге ықпал етеді.

Тұжырымдай келе, пәнаралық байланыс ұғымын зерттеген ғалымдардың еңбегін талдай келе және олардың оқу процесіндегі маңыздылығын ескере отырып, ең алдымен, пәнаралық байланыстар ғылыми білімге тән белгілердің бірінің құрамдас бөлігі, яғни, бір нақты объектіні әртүрлі ғылымдардың зерттеуі, бір ғылыми саланың білімін басқа ғылымдармен байланыстыра отырып зерттеуі арқылы жүзеге асыратын кешен деп қорытынды жасауға болады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. ҚР Президентінің 26.02.2021, №521 Жарлығы.
2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319-III Заңы.
3. Максимова В.Н., Зверев И.Д. Межпредметные связи в современной школе. - М.: Педагогика, 1981. - 160 с.
4. J. Klein Interdisciplinarity: History, theory, and practice. Published 1 July 1991. Education Poetics Today
5. Turnai Ö., Bolatii M. Eđitimde Disiplinlerarası Yaklaşımın Kullanıldığı Tezlerin Analizi // Ondokuz Mayıs University Journal of Faculty of Education. - 2015. - №34(1). - P. 35-55.
6. João Matos, Ana Pedro, João Piedade (2019) Integrating Digital Technology in the School Curriculum//International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). Vol14, №21, S.9.



7. Aybek B. Disiplinlerarası öğretim yaklagımı. - Eğitim Araştırmaları Dergisi, 2001. - P. 1-7.
8. Golding C. Integrating the disciplines: Successful interdisciplinary subjects. - Centre for the Study of Higher Education The University of Melbourne, 2009. - P. 27.
9. Maria Cristina Costa, António Domingos (2018) Promoting Interdisciplinarity in Primary School in the Framework of Science Education//Pedagogika / Pedagogy 2018, t. 132, Nr. 4, p. 130–146 / Vol. 132, No. 4, pp.132 <https://doi.org/10.15823/p.2018.132.8> [Date of access: 05.01.2023].
10. Allen Leung (2020) Boundary crossing pedagogy in STEM education//International Journal of STEM Education 7, Article number:15. pp.2 <https://doi.org/10.1186/s40594-020-00212-9> [Date of access: 05.01.2023].
11. Бейсенбаева А.А. Гуманизация образования старшеклассников на основе межпредметных связей: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1996. – 394 с.
12. Есназар А.Ж. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2022. – 151 б.
13. Квасных Г.С. Формирование речевой деятельности на уроках русского языка в условиях межпредметных связей (в начальной ступени обучения): дис. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2008. - 200 с.
14. Feizuldayeva S., Ybyraimzhanov K., Mailybaeva G., Ishanov P., Beisenbaeva A. (2018) Vocational training of future elementary school teacher by means of realization of inter-subject continuity// Opción,Año34, No.85-2,S.485. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/23805/0> [Date of access: 05.01.2023].
15. Жұмабаева Ж.А. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 169 б.
16. Қантарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. - Алматы: Дәуір, 2011. - 272 б.

## References

1. Qazaqstan Respublikasynyñ 2025 jylğa deingı ulttyq damu jospary. QR Prezidentiniñ 26.02.2021, №521 Jarlyғы.
2. Bılım turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2007 jylғы 27 şildedegi, №319-III Zańy.
3. Maksimova V.N., Zverev İ.D. Mejpredmetnye sväzi v sovremennoi şkole. - M.: Pedagogika, 1981. - 160 s.
4. J. Klein Interdisciplinarity: History, theory, and practice. Published 1 July 1991.Education. Poetics Today
5. Turnai Ö., Bolatii M. Eğitimde Disiplinlerarası Yaklaşımın Kullanıldığı Tezlerin Analizi // Ondokuz Mayıs University Journal of Faculty of Education. - 2015. - №34(1). - P. 35-55.
6. João Matos, Ana Pedro, João Piedade (2019) Integrating Digital Technology in the School Curriculum//International Journal of Emerging Technologies in Learning (IJET). Vol14, №21, S.9. <https://doi.org/10.3991/ijet.v14i21.10863>
7. Aybek B. Disiplinlerarası (bütünlüĖtirilmiĖ) öğretim yaklaĖımı. - Eğitim Araştırmaları Dergisi, 2001. - R. 1-7.
8. Golding C. Integrating the disciplines: Successful interdisciplinary subjects. - Centre for the Study of Higher Education The University of Melbourne, 2009. - R. 27.
9. Maria Cristina Costa, António Domingos (2018) Promoting Interdisciplinarity in Primary School in the Framework of Science Education//Pedagogika / Pedagogy 2018, t. 132, Nr. 4, p. 130–146 / Vol. 132, No. 4, pp.132 <https://doi.org/10.15823/p.2018.132.8> [Date of access: 05.01.2023].
10. Allen Leung (2020) Boundary crossing pedagogy in STEM education//International Journal of STEM Education 7, Article number:15. rr.2 <https://doi.org/10.1186/s40594-020-00212-9> [Date of access: 05.01.2023].
11. Beisenbaeva A.A. Gumanizasia obrazovania starşeklassnikov na osnove mejpredmetnyh sväzei: dis. ... dok. ped. nauk: 13.00.01. – Almaty, 1996. – 394 s.
12. Esnazar A.J. Pänaralyq bailanysta bastauyş synyp oqusylarynyñ oilau men söileu daĖdylyryn qalyptastyru: filoz. dok. (PhD) ... dis. – Almaty, 2022. – 151 b.
13. Kvasnyh G.S. Formirovanie rechevoi deiatelnosti na urokah ruskogo iazyka v usloviyah mejpredmetnyh sväzei (v nachälnoi stupeni obuchenia): dis. kand. ped. nauk. - Almaty, 2008. - 200 s.
14. Feizuldayeva S., Ybyraimzhanov K., Mailybaeva G., Ishanov P., Beisenbaeva A. (2018) Vocational training of future elementary school teacher by means of realization of inter-subject continuity//Opción,Año34, No.85-2,S.485.

15. Jūmabaeva J.A. Bastauyş bilim beru pānderin metapāndik tūrğyda oqytu: filos. dok. (PhD) ... dis. – Almaty, 2021. – 169 b.

16. Qañtarbai S.E., Jūsipova J.A. Ğylymi-pedagogikalыq zertteu ādistemesi. - Almaty: Dāuir, 2011. - 272 b.

### Сущность и структура понятия «Межпредметная связь»

*ЕСНАЗАР А.Ж.-PhD, старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан,  
ORCID-<https://orcid.org/0000-0002-8658-0135> e-mail:[asel.esnazar@mail.ru](mailto:asel.esnazar@mail.ru),*

**Аннотация.** В статье уточняется сущность и структура понятия «межпредметная связь». Формирование мировоззрения, навыков диалектического мышления, познавательной активности обучающихся через организацию межпредметных связей в педагогическом процессе является актуальной исследовательской проблемой современной системы образования. Автор статьи определил их актуальность, ссылаясь на нормативные документы. В ходе анализа трудов отечественных и зарубежных ученых были определены предмет исследования, его значимость в учебно-воспитательном процессе, роль в формировании мировоззрения обучающегося. При исследовании названного аспекта применялись методы анализа, обобщения с опорой на научные, систематические, междисциплинарные позиции. Проведен контент-анализ понятия «межпредметная связь» на основе исследований зарубежных ученых. Также была рассмотрена разработка междисциплинарных задач в условиях STEM-образования. Определены функции, виды, направления, методы и приемы организации междисциплинарной связи в педагогическом процессе, представлены основные направления деятельности педагога в ходе реализации междисциплинарной связи. В результате исследования было дано авторское определение понятия «межпредметная связь». При определении структуры понятия «межпредметная связь» уточнены его познавательные, методические, содержательные компоненты.

**Ключевые слова:** межпредметная связь, внутрипредметная коммуникация, интеграция, метапредмет, коммуникация, мировоззрение.

### The essence and structure of the concept of "Interdisciplinary communication"

*YESNAZAR A.- PhD, Senior Lecturer, South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent, Kazakhstan, ORCID-<https://orcid.org/0000-0002-8658-0135> e-mail:[asel.esnazar@mail.ru](mailto:asel.esnazar@mail.ru)*

**Abstract.** The article clarifies the essence and structure of the concept of "intersubject communication". The formation of a worldview, dialectical thinking skills, cognitive activity of students through the organization of interdisciplinary connections in the pedagogical process is an urgent research problem of the modern education system. The author of the article determined their relevance by referring to regulatory documents. During the analysis of the works of domestic and foreign scientists, the subject of the study, its significance in the educational process, and its role in the formation of the student's worldview were determined. In the study of this aspect, methods of analysis and generalization based on scientific, systematic, interdisciplinary positions were used. The content analysis of the concept of "interdisciplinary communication" based on the research of foreign scientists is carried out. The development of interdisciplinary tasks in the context of STEM education was also considered. The functions, types, directions, methods and techniques of the organization of interdisciplinary communication in the pedagogical process are defined, the main directions of the teacher's activity during the implementation of interdisciplinary communication are presented. As a result of the research, the author's definition of the concept of "intersubject communication" was given. When determining the structure of the concept of "interdisciplinary communication", its cognitive, methodological, and substantive components are clarified.

**Keywords:** interdisciplinary communication, intra-subject communication, integration, metaposition, communication, worldview.